Достаточно длительную историю существования имеет анималистика и в музыке, где образы животных, их индивидуальные черты передаются средствами звуков и музыкального языка. Портретные характеристики животных присутствуют фактически во всех музыкальных жанрах – в музыке инструментальной, камерно-вокальной и сценической. Но если в камерно-вокальных и театральных жанрах эти образы опосредованы словом или музыкально-драматическим действием, то в музыке инструментальной анималистический образ-портрет создается чисто музыкальными средствами. Здесь замысел композитора может быть конкретизирован с помощью программного заголовка, помогающего идентифицировать объект интереса. Однако заголовок лишь указывает на концертный персонаж, «изображает» же его музыка, способная фиксировать внутренние характеристики оригинала – его характер, издаваемые звуки и т.д. Таким образом, музыке подвластна не только беглая зарисовка образа животного, но и довольно подробная характеристика присущих ему качеств.

Корни анималистики в музыке лежат во Франции, первой утвердившей анимализм как самостоятельный жанр искусства и в изобразительных видах. Исследователь М.Друскин видит причину этого в специфической тяге французской музыки к описательности, жанровости [2, с.94]. У истоков французской музыкальной анималистики стоял мастер полифонии Высокого ренессанса К.Жанекен, которого подхватят представители искусства барокко и рококо Ф.Куперен, Л.Дакен, Ж.Ф. Рамо. В романтическую и постромантическую эпохи эту линию творчества продолжают К.Сен-Санс, Ж.Массне, Г.Форе, Э.Шабрие и О.Мессиа́н.

Существуя столетиями, традиция французских анималистических произведений, писавшихся для разнообразных исполнительских составов, постоянно обогащалась появлением новых «героев».

Появившись в ренессансных композициях для хора а cappella, анималистическая тематика в дальнейшем проецируется в сферу клавирной музыки. В XIX веке появляются разнообразные камерно-ансамблевые решения («Карнавал животных» К.Сен-Санса, «Бабочка и цветок» Г.Форе) и вокальные циклы (Э.Шабрие, М.Равель). Позже анималистика завоёвывает театральные жанры – оперетта Э.Одрана «Стрекоза и муравей», балет «Цикады» Ж.Массне, опера «Заблудшая овца» Д.Мийо, а в XX в. проникает и в область оратории – «Жанна на костре» А.Онеггера: сд. 4, «Жанна, преданная животным».

Красочное разнообразие образных сфер жанра анималистики можно проследить у композиторов разных эпох и направлений, и здесь важно отметить частое обращение композиторов к образам птиц. Пример звукового птицеподражания является одним из самых популярных приемов, благодаря богатым возможностям инструментальных тембров приблизиться к их звучанию. Несомненно, композиторов увлекала идея «легкого» звукоподражания, среди ранних образцов можно отметить «Жаворонка» К.Жанекена, «Кукушку» Л.Дакена, «Пробуждение птиц» Ж.Ф. Рамо. При этом композиторские замыслы не ограничились исключительно благородным и созерцательным настроением. Так, например, Ж.Ф.Рамо демонстрирует юмористическое прочтение образа птиц в своем произведении «Курица». Используя искромётные клавесинные украшения в миноре с повторяющимися фразами, он придает образу юмористическую «серьезность». Именно эту юмористическую «обытовленность» продолжают авторы поколения 19 века, увидев в музыкальном подражании животным разнообразные возможности для комических параллелей с миром людей.

«Карнавал животных» К.Сен-Санса является наиболее ярким образцом анималистики, легкое и непритязательное сочинение захватывает разнообразием и неожиданностью стилистических решений. Автор гармонично сочетает в сюите несколько вариантов характера: утонченные колористические зарисовки («Лебедь», «Аквариум», «Ископаемые»), модный интерес к экзотике («Слон», «Кенгуру», «Антилопы»), бытовую трактовку анималистических образов и саркастическую параллель с образами людей («Пианисты», «Ослы», «Куры и петухи»). В последнем примере автор выступает связующим звеном между «ироническими приемами» Ж.Ф. Рамо и дальнейшими эпатажными сочинениями Э.Шабрие, М.Равеля и Э.Сати.

Вслед за Сен-Сансом французские импрессионисты подхватили анималистическую тему, рассматривая уже «пение птиц» в синтезе с красотой природы: их привлекают морские волны, поэтичность дождя, «аромат» цветов. Композиторы-импрессионисты добавили дымку «пуантилизма», размытости звучанию привычных форм. Наиболее яркие образцы – «Золотые рыбки» из второй тетради «Образов», «Колыбельная слона» из «Детского уголка» К.Дебюсси, «Маленький белый ослик», «Черепашка» из «Историй» Ж.Ибера.

Несколько иной путь передачи образа избрал М.Равель в цикле для голоса с фортепиано «Естественные истории», где само название указывает на правдивость. А необычность названий четырех песен – «Цесарка», «Сверчок», «Павлин», «Зимородок», а также ирония и сарказм, не свойственные М.Равелю, в свое время шокировали французскую публику.

«Две прелюдии для собаки», «Четыре дряблые прелюдии для собаки», «Три подлинные дряблые прелюдии (для собаки)» и «Засушенные эмбрионы» – эти музыкальные «портреты» в жанре анималистики Э.Сати вызвали, в свою очередь, различного рода критику не только за содержание, но и за весьма смелые названия.

О.Мессиа́н и не задавался желанием «изобразить» точное птичье пение, композитор был охвачен идеей концепции музыкальной орнитологии. Тем самым Мессиа́н одухотворил и наполнил анималистическую тему новым религиозным смыслом. Задача композитора – не подражание пению птиц звуками фортепиано, а воссоздание общего представления о тембре этого пения, об облике птиц.

Анималистика стала явлением не только французской музыки, но и получила широкое распространение во многих других национальных культурах. 90-е годы конца 19 века в Испании были ознаменованы рождением нового «слова» в искусстве. С творчеством Э.Гранадоса, ярким представителем движения Ренасимьенто², связано возрождение испанской музыки – описание сказочной природы, звуков, самобытность традиции посредством использования испанской мелодики и особой колористики. Широкую известность получили две сюиты «Гойески» для

² «Ренасимьенто» – движение за национальное возрождение в Испании в конце 19 начале 20 столетий, охватившее различные стороны культурной, политической и экономической жизни стран.

фортепиано, ставшие вершиной его композиторского мастерства. Среди них нужно отметить пьесу «Маха и соловей», в котором композитор сравнивает утонченность женской красоты с орнаментальным пением соловья.

Музыкальное изображение «соловья» также использовали в своих сочинения русские композиторы. «Соловей» А.Алябьева стал одним из самых популярных русских романсов 19 века. Впервые прозвучавший на сцене Большого театра 1827 году романс на слова Дельвига написан в стиле русских народных песен как стихотворно, так и музыкально. В романсе вокальная партия подражает соловьиным руладам, чем и объясняется столь высокая известность произведения.

В одном из ранних романсов Н.А. Римский-Корсаков претворил идею создания совершенного образа природной красоты – розы и сладкого пения соловья. Композитор выразил аллегорическую историю сосредоточенными декламационными интонациями в партии голоса, законченностью и лаконичностью фактуры сопровождения. С присущей, его стилю, восточной лирикой Н.А. Римский-Корсаков синтезирует два художественных направления в искусстве – флористику и анималистику.

П.И. Чайковский же избрал не менее изящный образ кошки, трактуя идею в театральном варианте балета «Спящая красавица». «Кот и Кошечка» так назвал композитор танцевальный номер, где наряду с артистами – кота и кошечки – деревянные духовые инструменты с поразительной точностью передают капризные «заявления» кошечки.

В творчестве современных отечественных композиторов-современников также можно обнаружить «обращение» к миру анималистики. Так, например, детский альбом для фортепиано Алиби Абдинурова «Менің достарым» демонстрирует целую галерею образов животных, где наряду с кошками и собаками присутствуют ягнята, телята, жеребята, верблюжата. А в творчестве Аиды Исаковой есть цикл для детей «Зоопарк», включающий пьесы с такими названиями как «Мышки», «Жаворонки» и «Сайгаки».

Если в европейской культуре культовым подражанием является «соловей», то в восточной культуре и мироощущении таковым становится образ «лебедя». Тема и прообраз лебедя проходят красной нитью в сочинениях-миниатюрах для различных инструментов, чаще всего для виолончели, возможно, из-за тембровой окраски бархатисто-

насыщенного звучания. Истоки интереса казахстанских композиторов к образам животных следует искать в традиционной культуре и мировоззрении казахов с их культом отдельных животных и птиц, который нашел отражение в многочисленных инструментальных композициях – кюях, а также в вокально-поэтических жанрах.

Таким образом, жанр музыкальной анималистики, зародившись в изобразительном искусстве, имеет уже свою длительную историю в музыкальном искусстве. Исследование музыкальной анималистики расширяет теоретические аспекты современного искусствознания: обогащает представления о жанровой палитре музыки, углубляет понимание ее изобразительных и выразительных возможностей, расширяет традиционные границы музыкального содержания.

Список использованной литературы:

1. Караковский А. Литературный анимализм, как метод и руководство к действию/<http://litset.ru/stuff/12-1-0-304>

2. Друскин М.С. Из истории французской музыки // О западноевропейской музыке XX века. М.: Советский композитор, 1973; с. 94-96

КҮЙШІЛІК ӨНЕРДЕ ТҮРКІМЕН ӘУЕНДЕРІНІҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ

Тапенов Д.Т.

Қазақ ұлттық өнер университеті

Ғылыми жетекшісі – ө.ғ.кандидаты, профессор Малдыбаева Р.С.

Кез келген музыкалық мәдениет, оның ішінде дәстүрлі музыкалық мәдениет, мемлекет шакарасынан аспай, араласпай тұйықталатын болса дамымайтыны айқын. Музыкалық мәдениет әсер етіп қана қоймай, басқа халықтардың музыкалық дәстүрінен өзгеріске ұшырауы мүмкін. Сондықтан домбыра орындаушылық мектептерін зерттеуде оның жалпы қазақ музыкасымен қатар көрші халықтардың саздары мен әуендерімен салыстыра қарастыру қажет. Көшпелі мал шаруашылығы көрші халықтармен байланыстарға әкеліп, қақтың өзіне де, көрші халықтарына да әсерін тигізген [1].

Орталық Азия халықтарының музыкасын бірнеше топқа бөліп қарастырғанда, әр топтың шекаралас орналасқан халық музыкасымен ұқсастықтарын байқауымызға болады [2]. Жеке халық композиторларының шығармашылығын зерттеу жайлы да осылай айтуға болады. Мысалы, Дәулеткерей көрші орыс, ноғай, татар халық музыкасымен таныс болып, шығармаларында сол халықтардың интонациялық ерекшеліктерін қолданғанын байқауымызға болады [3].

Қазақтардың түркімен халқымен мәдени, музыкалық ұқсастықтары көп. Ал түркімендер мәдениетіне солтүстік және шығыстан түркі халықтарымен қатар, Иран, Азербайджанның да әсері көп болды. Түркімендер солтүстік Афганистан, Иран және Түркіменстан жерін мекендейді. Ертеде көшпелі мал шаруашылығымен айналысатын халық бола тұра, кілем тоқу өнері де жақсы дамыған. Көшпелі шаруашылықтың әсерінен музыкалық аспаптар түрлері көп болмаған және аспаптық өнерге қарағанда, әнге, вокалдық өнерге жақын болған. Солтүстік-шығыс Иранды мекен еткен түркімендер XX ғасырға дейін көшпелі өмір салтын ұстанған және өзіндік ерекшеліктері бар музыкалық мәдениет қалыптастырған.

Қазақтың домбырасы мен түркімен дутары туыстас аспаптар. Екі аспап та өз елдерінде кең таралып, көп қолданысқа ие. Олар мойыны бар шертіліп орындалатын хордофондар классына жатады. Тембрлік айырмашылықтары болмағанда (дutar ішегі металл сымнан, ал домбыра ішегі нейлоннан жасалады), пішіні мен дыбыс шығару әдістері бірдей. Домбыраның 19 пернесі бірдей жарты тоннан хроматикалық орналасқан. Ал дutar хроматикалық орналасқан 13 перне, тек 12-ші мен 13-ші пернелердің арасы бір тон. Домбыра орынаушылық дәстүрінде домбыраның әр пернесінің атауы бар, бірінші перне, яғни екінші саты түркімен перне деп аталса, дutar перне атауында сегізінші перне түркімен перне деп аталады. Перненің ортақ атауы екі халықтың шығармашылық байланысын көрсетеді. Аспаптардың бұрауы көбінесе кварта интервалына келтіріледі.

Б.з.д II ғасырға жататын Ежелгі Нусай қаласында археологиялық зерттеулер барысында домбыра тектес аспап ұстаған музыканттың суреті табылды. Ғалымдар музыканттың аспап ұстаған аппликатурасына қарап, аспап екі ішекті, және аспап кварта бұрауына келтірілген деп пайымдаған. Дutar саздары тек минорлық болса, домбыра күйлері мажорлық та минорлық та бола алады.

Күйдің орындалуы – бұл қашан да тек музыкалық емес, жалпы тілдесудің бір түрі. Сондықтан да дәстүрлі музыкада, орындаушылықтың концерттік түрі болмаған. Музыка – үнемі мифологиялық уақытта баяндалатын аңыз, әфсана, ғұрып, салт-дәстүрлердің көрінісі. Сонымен қатар, бұл – нақты адамдардың қарым-қатынасы, олардың рухани байланысы және әлеуметтік әрекетінің іске асуы.

Көптеген күйлерде жалпыға бірдей, рет-ретімен ауысатын, әрқайсысының атауы мен орны (биіктігі) бөлек бөлімдер бар. Жалпы, күй дыбысталу жағынан да, тарауларының орналасу ретіне қарай да толқын тәрізді құрылым. Әрбір келесі бөлім алдындағыдан жоғарырақ орналасып, кері қайтқанда ең төменгі, бастапқы деңгейге оралады [4].

Түркімен халық саздарының құрылымы жайлы да дәл осылай айтуымызға болады. Халық саздары бастапқы буын (башлангыч хең), негізгі бөлім (өсүш йері) және шарықтау шегі (ширван) сияқты буындардан тұрады. Бір шығарманың бірнеше шарықтау шегі болуы да мүмкін. Кейбір шығармаларда соңлама бөлімі (кода) бар.

Түркімен саздарында да, қазақтың төкпе күйлерінде де ашық ішек ладтық тірек ретінде қолданылады. Аталған екі аспапқа да буындық форма құрылымы тән. Музыкалық әуен төменгі, орта және жоғарғы регистрлерінде кезек жүреді. Әр буынның өзіндік биіктігі мен ладтық тірегі бар.

Кейбір домбыра шығармаларында, әсіресе түркімендермен шекаралас маңғыстау күйлерінде түркімен халқының музыкасының әсері сезіледі. Маңғыстау өңірі географиялық тұрғыдан түркімендермен шекаралас орналасқандықтан Маңғыстау күйшілерінің шығармаларының түркімен саздарымен ырғақтық, интонациялық ұқсастықтарын анық байқаймыз. Алайда басқа күйшілік мектептер шығармаларының ішінде де түркімен саздарына ырғақтық ұқсастығы бар күйлерді табуымызға болады. Бұны музыканттардың бір-бірінен күй үйреніп, күй тартысып (жарысып), шығармашылық және достық қарым-қатынас, байланыстарынан туған күйлер деп түсіндіруге болады. А.Жұбанов пен А.Затаевичтің еңбектерінде XIX ғасырдың соңында Астрахань маңын мекендеген Еділ бахшы, Көкса және Байжан сияқты түркімен дутаршыларының Бөкей ордасының Әлікей, Мақар және т.б. күйшілерімен достығы жайлы мәліметтер бар. Дәулеткерейдің түркімен жеріне сапарынан туған «Көроғлы» күйі осыған дәлел болып, көрші халықтардың мәдени баланысы әсерінен пайда болған шығармалардың

бірі болып табылады. «Көроғлы» эпосы түркімен халқының ұлттық игілігі болып табылады. Дәулеткерей осы күйінде түркімен саздарының интонациялық-ритмикалық ерекшеліктерін шебер қолданған.

А.Жұбанов өз жазбаларында Дәулеткерейдің түркімен әуендеріне еліктеп шығарған «Таштит», «Көрұғлы» деген күйлері бар екенін, алайда олардың қай творчестволық дәуірге жататынын дәл айту қиын екендігін және түркімен дутаршылары Дәулеткерейдің «Көроғлы» күйін естіп, бұл күйдің түркімен саздарымен ұқсастықтарын байқап, түркімен саздары стилінде шығарылған парафразалық шығарма деп айтқандары жайлы жазған [5].

Ал Қазанғап және Сыр өңірі күйшілік мектебіне келер болсақ, бұл өңір күйшілерінің түркімен жеріне барып, дутаршыларымен тікелей қатынасы туралы мәлімет жоқ. Алайда, бұл мектеп күйшілерінің шығармаларында да пунктерлік ырғақ, триольдік қағыс және т.б. түркімен саздарына тән ырғақтарды естуімізге болады. Бұны көршілес орналасқан Маңғыстау күйшілік мектебінің және Сыр өңірінде кең таралып, жақсы дамыған жыр өнерінің әсері деп айтуымызға әбден болады.

Жыр – қазаққа да, түркімен, қырғыз, өзбекке де тән, барша түркі елдеріне ортақ өнер түрі. Түркімен музыкасын зерттеуші ғалым Ш.Гуллыев «Түркімен музыкасы» атты еңбегінде «түркімен аспаптық музыкасы әннен бастау алады» деп жазған [6]. Домбыра музыкасындағы екі үлкен саланың бірі шертпе күйшілік дәстүрі әннен бастау алса, төкпе күйлеріне жыр-дастандардың әсері елеулі болып, бастауын жырдан алған деген тұжырым бар.

Сыр өңірі күйшілік мектебінің көрнекті өкілі Шалмырзаның «Ташауыз» күйін тыңдасақ, түркімен әуендеріне ұқсастығын аңғарамыз. Бұл күй Шалмырза күйшінің Ташауыз қаласында естіген әуені деген тұжырым бар. Ташауыз өңірі түркімендердің арасында жыр-дастан орындаушыларымен танымал болған өңір деседі. Бұл күйде жыр орындаушыларына тән қағыстар, өтіп бара жатып іліп алатын форшлагтар жиі қолданылады. Бұндай орындалу стилі түркімендердің Мары өңірі дутар орындаушылық мектебіне тән.

Домбыра күйшілік дәстүрінде жеті мектеп болса, дутар орындаушылық дәстүрінде үлкен екі мектеп бар. Олар Ахал және Мары орындаушылық мектептері. Ахал орындаушылық мектебі түркімен жерінің оңтүстік және батыс өңірін қамтыса, Мары мектебі

орталық, солтүстік пен шығыс аймақтарына тән. Бұл екі мектеп шығармалары ырғақ, формасы жағынан бір-бірінен мүлдем өзгеше. Ахал шығармалары тәуелсіз аспаптық шығарма болса, Мары саздары әннің аспаптық нұсқасы.

Түркімендерде аспаптық музыка, оның ішінде дутар орындаушылығы Ахал өңірінде кең таралып, осы өңірде аспаптық музыка жақсы дамып, классикалық нұсқалары қалыптасқан. Бұл мектеп өкілдері Пурли Сарыев, Мылли Тачмурадов сияқты композиторлар шығарманың формалық құрылымына, ритмикалық күрделілігіне, орындаушының виртуоздылығына, шығарманың бастапқы нұсқасының өзгермей сақталуына көп мән берген. Ахал өңірінде оң қолдың техникасы қатты бағаланған. Ал Мары орындаушылық мектебіне мелизматика мен әуезділік тән. Бұл мектеп шығармалары лирикалық, философиялық, терең мағыналы болып келеді. Мары мектебінің өкілдері белгілі бір әнді өңдеп, дамытып, кіріспесі, дамуы мен кодасы бар үлкен аспаптық шығарма деңгейіне жеткізген. В.Успенский жазбаларында Мары саздарынан мұң, адамның жылағанын еститінін, ал Ахал өңірінің шығармалары көтеріңкі көңіл-күйді бейнелейтінін жазған [7].

Қазақ күйшілері М.Өскенбаев, С.Жалмышев, Е.Еміл сияқты майталман күйшілердің орындауындағы «Пиала», «Көроғлы», «Торғай құшлар», т.б. күйлері қазақ күйшілерінің түркімен саздарына қызығушылығын көрсетеді. Бұл күйлерді қазақ күйлері деуімізге толық негізіміз бар деп С.Өтеғалива мен С.Темірғалиева «Батыс Қазақстан домбыра орындаушылық дәстүріндегі «түркімен күйлері» атты еңбектерінде жазған. Оны домбыраның дутар апабынан тембрлік айырмашылықтары мен орындаушылық ерекшеліктерімен түсіндіреді. Жоғарыда аталған еңбекте «Бізде орындалып жүрген түркімен күйлерінің кейбірі бастапқыда түркімен музыканттарының шығармалары болып, кейіннен қазақ күйшілері бұл әуендерді домбыраға салған. Осылайша бұл шығармалар күйшілер арасында таралып, Батыс Қазақстан күйшілерінің репертуарына енген. Осылайша бұл күйлер жалпы түркімен музыкасын бейнелеген. Бұндай шығармалардан бөлек қазақ күйшілерінің түркімен музыкасына еліктеп шығарған парафразалық күйлері де бар.» деп жазылған.

Бір күйлерде түркімен музыкасымен байланыс ритм, ұлғайтылған секунда, кварта-квинталық қозғалыс арқылы анық көрсетілсе, басқа күйлерде тек ырғақтары мен қағыстары ұқсастықтарын байқаймыз.

Осылайша «Түркімен күйлерін» шығу тегіне, жанрлық-стильдік ерекшеліктері мен композициялық құрылымы, күйдің даму жолдары мен интонациялық, ладтық, ритмдік ерекшеліктері сияқты мәселелерге тоқтап бұл күйлерді 2 топқа бөліп қарастырамыз.

1) Түркімен халық саздары стилінде шығарылған күйлер (ладтық-интонациялық және ритмдік ұқсастықтарына бар. Мысалы: Дәулеткерей «Көроғлы», Өскенбай «Жаңылпаш», Исламбек «Түркімен сазы», Шалмырза «Ташауыз», Халық күйі «Ана зары», т.б.)

2) Түркімен халық саздары мен әндерінің домбыра аспабында орындалатын нұсқалары. (Мысалы: Халық күйлері «Пиала», «Көроғлы», «Торғай құшлар», т.б.)

Бұл күйлер не түркімен саздары, не қазақтың күйі деп айта алмаймыз. Себебі түп-тамыры түркімен әуені болғанымен қазақ домбырашылары өзіндік бояулар қосып, домбыра аспабының мүмкіндіктеріне қарай әшекейлеп, дамытқан. Бұл күйлерді екі халық мәдениеттерінің байланысынан туғанын және көрші халықтардың ежелден достық, шығармашылық байланыстарын көрсетеді. Осындай М.Өскенбаевтың орындауындағы «Көроғлы», «Торғай құшлар», Е.Емілдің және С.Жалмышевтың орындауындағы халық күйлері «Пиала» күйлеріне тоқтала кетсек бұл күйлер түркімендерде ән ретінде және дутар, гиджак аспаптық шығармалары болып орындалады.

М.Өскенбаев өмірінің бір кезеңін Түркіменстан елінде өткізген. Сол кездерде түркімен музыкасымен жақын танысып, домбырамен қатар дутар аспабын да шебер орындаған деседі. Оның орындауында бірнеше түркімен күйлері бар. Соның бірі «Көроғлы» күйі. Алайда бұл күйдің түбінде түркіменнің «Йылғайлар» атты халық сазы жатыр. Йылғайлар деген Маңғыстаумен шекаралас түркімен жерінің батыс аймағын мекендейтін ру. М.Өскенбаевтың орындауындағы «Көроғлы» күйінен «Йырғайлар» халық сазындағы әуендерді, интонациялық, ладтық, ритмдік ұқсастығын естиміз. Алайда М.Өскенбаевтың да қосқаны көп болғандықтан, маңғыстау күйлеріне де жақын қазақ күйі деп айтуымызға болады.

Ал «Торғай құшлар» күйіне келер болсақ, бұл дутардың, және гиджактың сүйемелдеуімен орындалатын ән. М.Өскенбаев бұл шығарманы домбырамен орындап, шығу аңызын былай айтқан: «Ертеде, әйгілі бахшы патша әскерінің тұтқынына түседі. Сонда ол аспанда ұшып жүрген торғайдан: “Менің жарымды көрдің бе?”» деп тартқан

күйі екен. Түркімен дутаршылары да әннің басты тақырыбын ғана алып, оны дамытып аспаптық шығарма деңгейіне жеткізіп орындаған. Алайда М.Өскенбаев домбыраға тән мелизматика мен орындаушылық ерекшеліктерін шебер қолданып, өзінше өңдеп, орындаған.

С.Жалмышев пен Е.Емілдің орындауындағы «Пиала» күйлері бөлек күйлер. Алайда бұл екі күй де бастауын түркімен халық әні «Пиаладан» алады. Әсіресе Е.Емілдің орындауындағы «Пиала» әннің аспаптық нұсқасы деп айта аламыз. Әннің басты тақырыбын жетілдіріп, түрлендіріп орындаған. Ал С.Жалмышевтың орындауындағы «Пиаладан» әннің шарықтау кезіндегі ұлғайтылған секунда интервалы қолданылатын әуенді танымыз. Бұл әнді түркімен дутаршылары да өңдеп, халық сазы «Пиала» деп орындайды. Бұл халық сазы Мары орындаушылық мектебіне тән мелизматикаға бай, әуезді шығарма болып келеді.

Түркімен халық музыкасы түгел дерлік программалық музыка деп айта аламыз. Қазақ күйлері де белгілі бір оқиғаға арналып немесе бір оқиғаны баяндайды. Ғасырлар бойғы қазақ-түркімен музыкалық байланысына мазмұны ұқсас коптеген аңыздар дәлел бола алады. Мысалы, қазақ халқына танымал «Ақсақ құлан» аңыз күйі музыканың ғажайып құдіретін көрсетеді. Түркімен халқының «Гүлпам» атты дастанында осыған ұқсас аңыз бар. «Нар идірген» күйлер циклының шығу тарихы мен түркімен дутаршылары мен Маңғыстау күйшілері тартатын «Өрелі мая» күйлер тобының тарихы бірдей келеді. Осындай шығу тарихы ұқсас шығармалар жетерлік.

Қорыта келе түркімен саздарының домбырада орындалған нұсқалары мен түркімен саздары стилінде шығарылған күйлерді «Түркімен күй» деген жанр деп атауымызға толық негізіміз бар. Бұл күйлер көрші қазақ пен түркімен халықтары арасындағы ежелден бері келе жатқан мәдени, шығармашылық, достық байланыстарының нәтижесі. Түркімен музыкасының қазақ домбырашылары арасында таралуына ертеде түркімендердің Маңғыстау өңірін мекендегені көп әсерін тигізді. Тарихы бір, діні бір елдердің мәдениеті, оның ішінде музыкасы да ұқсас болары сөзсіз түсінікті. Домбыра күйлеріне түркімен саздарының әсері бар деп жоғарыда айтылды. Алайда түркімен дутаршылары «Балсаят», «Атчапар», «Атчапан» және т.б. халық саздарынан қазақ музыкасының әсері байқалады деп айтады. Ертеден шығармашылық байланыстар салдарынан музыка дамып, өзгеріске

ұшырап, орындаушылар репертуары жаңа шығармалармен толығып отырған. Қазіргі таңда да домбырашылардың түркімен музыкасына, ал түркімен дутаршыларының қазақтың күйіне деген қызығушылығын байқауымызға болады. Қазақ және түркімен халықтары арасында мәдени, шығармашылық байланыстар ертеден бастау алады және болашақта да жалғасын табарына сенеміз.

Қолданылған әдебиет тізімі:

1. Мухамбетова А. Казахский кюй. (Очерки истории, теории и эстетики). – Алматы, 2002
2. Тансу Ф. Традиционная музыка и кочевничество в Центральной Азии // Материалы международного научного семинара «Традиционная музыка: история, проблемы сохранения и развития» 24-25 апреля 2004 г. Бишкек. – Бишкек, 2004
3. Темірғалиева С., Өтеғалиева С. Туркменские кюи в домбровой традиции Западного Казахстана. – Алматы, 2008.
4. Аманов Б.Ж., Мухамбетова Ә.И. Дәстүрлі қазақ музыкасы және XX ғасыр. Астана: Мастер По, 2013. – 332 б.
5. Ахмедияров Қ. Дәулеткерей. – Алматы «Өнер», 1996
6. Гуллыев Ш. Туркменская музыка (наследие). – Алматы, 2003.
7. Успенский В., Беляев В. Туркменская музыка. – Алматы 2003.

ТАНЕЦ В КАЗАХСКОЙ ФОРТЕПИАННОЙ МУЗЫКЕ: К ВОПРОСУ ЖАНРОВОГО ЭТНОГЕНЕЗА

Шоткалиева М.С.

***Казахский национальный университет искусств
Научный руководитель – кандидат искусствоведения,
доцент Абдрахман Г.Б.***

Жанровая палитра казахстанской фортепианной музыки отличается большим разнообразием. Одно из важнейших мест в ней принадлежит танцу – жанру, разновидности которого определяют музыкальное содержание целого ряда фортепианных миниатюр, а также присутствуют как часть (фрагмент) в фортепианных произведениях крупной формы.

Образ танца привлекал казахстанских композиторов различных

поколений и стилевой направленности: первые образцы обращения к танцевальным жанрам в казахстанской фортепианной музыке относятся к 40-м годам XX столетия. Танцевальные миниатюры присутствуют в творчестве корифеев казахской музыки Е.Брусиловского («Токката. Танец радости в форме кюя» (1947), Концертный вальс для 2-х ф-но (1964), две тетради «Хореографических танцев» (1970, 1971), «Вальс»), А.Жубанова («10 таджикских танцев», «8 казахских танцев»), композиторов старшего и среднего поколений – К.Кужамьярова («Вальс», «Танец» для ф-но (1946), Д.Ботбаева Две детские польки для ф-но (1960), Ж.Дастенова («Танец» для ф-но (1963)), Т.Мухамеджанова «Восточный танец» (1973-77), «Құсбегі дауылпаз», «Көктем вальсі», «Жастық шақ маршы»), Л.Хамиди («Полька» (1966), «Қазақ вальсі» (1940)), А.Меттуса (Вальсы для фортепиано, оп.26 (a-moll, 1988), оп.36 (h-moll, 1990), «Лендлер» для ф-но оп.41 (1991), Немецкий танец для фортепиано, металлофона, оп.43 (1992), «Полька» для фортепиано, оп.52 (C-dur, 1993), Медленный вальс, оп.53 (G-dur, 1994), Немецкий танец оп.55 (B-dur, 1994), Немецкий танец оп.62 (1994), Вальс оп.63 (1995), Вальс оп.68 (Es-dur, 1995)), Е.Үсенова («Абай» хореографиялық композициясы), А.Романова (Два фантастических танца (1970), О вальсе вальс (1983)), М.Рахимбаева «Скифский танец», К.Дуйсекеева («Би», 2016). Продолжает привлекать танец и молодых казахстанских авторов фортепианной музыки – А.Меирбекова («Шығыс би», пьеса для фортепиано (1976), Х.Абильжанова (Вальс), О.Хромову («Хореографические миниатюры» (пьесы для фортепиано) (1980-1983)), С.Апасову «Вальс-фантазия» для фортепиано (1979-1983)), А.Абдинурова («Аяқ, қол қалыптары», «Тәжім», «Қол қимылдары», «Аяқ қалпы-молдас», «Би»), А.Сагатова («Қазақ биіндегі ерекше қол қалыптары», «Жоғалған ритміндегі токката» (1987)), Р.Жүнісов («Би күйі»), Х.Тастанов («Би»), и других.

В казахской фортепианной литературе представлены танцы различных исторических эпох, этнической принадлежности, они разнообразны в плане эмоционального настроения, музыкальной формы и средств музыкального выражения. Чем же так привлекателен танец для казахстанских композиторов? Каковы корни танцевальности, так широко преломленной в современной фортепианной литературе республики?

В общей веренице казахстанских танцевальных пьес отчетливо

выделяются два вида танцев: танец европейский и танец ориентальный, восточный, в том числе казахский. У каждого народа, как известно, складывались свои танцевальные традиции, хореографический язык и средства пластической выразительности, свои приемы взаимодействия танца с музыкой. Танцевальная музыка любого народа обязательно несет в себе свойства национального характера, условий жизни и быта народа.

История танцевальной музыки тесно соприкасается с развитием инструментария и инструментальной музыки. В европейской традиции с развитием танца связано возникновение некоторых музыкальных инструментов и инструментальных ансамблей, да и сам процесс эмансипации инструментальной музыки и формирования самостоятельного клавирного (позднее – фортепианного), лютневого, оркестрового стилей связывается исследователями с танцем.

Особое распространение танец получает в жанре романтической миниатюры, хотя танцевальность как особое выразительное качество музыки, основанное на привнесении в танцевальную музыку черт танца через воссоздание его интонационно-ритмических и метроритмических особенностей, широко распространена и в произведениях крупных форм. Например, в романтическую эпоху огромную популярность со времен Ф.Шуберта получил вальс, преломленный не только в самостоятельной инструментальной миниатюре, но и ставший достоянием камерно-вокальных, инструментальных и симфонических жанров. В XIX веке широкое распространение в Европе получили национальные танцы – мазурка, полонез – у Шопена, халлинг – у Грига, фуриант, полька – у Сметаны и др.

В казахской традиционной культуре роль танцев была менее важна, нежели в европейской, что связано с особенностями кочевого уклада. Но танец здесь все же присутствовал, о чем свидетельствуют современные исследования ученых, специализирующихся на его изучении. Так, в работе Д.Абировой и А.Исмаилова «Казахские народные танцы» приводится ряд убедительных доказательств того, что танец играл в кочевом казахском обществе важную социальную и художественную роль [1]. Свидетельством тому выступают описания казахских танцев, сделанные русскими путешественниками, историками и этнографами в XIX веке, упоминания о танцах и плясках в народных эпических сказаниях и легендах.

Так, в 1892 году в журнале «Правительственный вестник» была опубликована статья «Киргизы в Среднеазиатской степи», где содержалось описание казахского народного танца. В частности, указывается, что «...после еды в юрту являются почти все музыканты с инструментом вроде балалайки, под музыку которого мальчики пляшут. Пляска заключается в верчении вокруг на одной ноге, причем другая нога поддерживается одной рукой. Свободной рукой мальчики быстро ударяют себя по разным частям тела. Затем начинается нечто вроде плясок впрыска и вращения всего тела» [1, с.6]. Существует ряд свидетельств существования танцевальных номеров в репертуаре народных певцов – салов и сере. Например, известный народно-профессиональный музыкант Агашаяк, помимо выполнения во время выступления сложных акробатических трюков, танцевал под мотив песни «Калдау, калдау, кыз калдау» [1].

Конечно же, кочевой быт и разрозненность населения препятствовали широкому распространению танцев на территории Казахстана. Однако, после обретения независимости, благодаря усилиям казахстанских ученых Л.Сарыновой, Д.Абирова, У.Джанибековой, О.Всеволодской-Голушкевич, А.Жолтаевой, Т.Изим, А.Кульбековой, А.Шанкибаевой, был восстановлен не только социально-культурный контекст функционирования казахского танца в прошлом, но и по крупицам собраны элементы самого танца. В них нашли отражение особенности мировосприятия казахского народа, условий его жизни и быта. Исследователь О.Всеволодская-Голушкевич, впервые с научной точки зрения рассмотревшая историю казахского танца, писала в этой связи: «В искусстве танца находит свое воплощение все прекрасное, возвышенное, трагическое, комическое в отношениях человека к миру. Это положение имеет преимущественное значение для понимания многогранной сущности исторического процесса становления и развития казахского танца» [2, с.6].

Как отмечает музыковед И.Бакаева, «Судя по описаниям, казахские танцы представляли собой театральную синкретическую разновидность, в которой на первый план выступали выразительные средства пантомимы – имитация и жест» [3, с.180]. В отличие от других среднеазиатских культур, казахский танец «бытовал не в общепринятых массовых коллективных формах, а в виде сольных импровизаций» [3, с.180]. В них «...различными условными жестами танцоры изображали

картины одушевленного мира: повадки животных и птиц, характеры людей» [4, с.231].

Если в казахской кочевой культуре танец не сложился как самостоятельная традиция, подобная песенной или инструментальной, то этого нельзя сказать о культурах других родственных казахам среднеазиатских народов. У узбеков, уйгуров, туркмен, например, танцевальная традиция была хорошо развита, что было во многом обусловлено городским жизненным укладом с типичной для него культурой храмовых, дворцовых представлений. Танцевальное искусство этих народов принадлежит к общему с казахской культурой макрорегиону, получившему в современной искусствovedческой науке обобщающее название Восток. Но Восток, как известно, включает в себя не только страны среднеазиатского региона. Согласно словарю «Академик», Восток, восточная культура – это «обобщённое этнографическое и культурологическое понятие и представление, подразумевающее ряд характерных признаков, позволяющих соотносить его с социоэтнокультурным аспектом, имеющим принадлежность к данной части света, что и даёт такого рода детерминацию» [5]. К Востоку традиционно относят страны Азии и частично Африки. Поэтому широко распространенное художественное явление – восточный танец – это по сути собирательное искусство, свойственное многим странам и обобщающее самые типические свойства танцевальной культуры этого обширного ареала.

Разновидность восточного женского танца, получившая распространение по всему миру – это известный «танец живота», который в своих древних формах носил ритуальный характер, а затем утратил сакральный смысл и получил распространение сначала в качестве фольклорного, а затем и концертного (сценического) танца. Современное название танца – «танец живота» – это европейский вариант названия «Belly-dance», сходный с арабским словом «беледи» (в пер. с араб. «живу здесь», «местный»). В период своей ритуальной фазы бытования этот танец исполнялся во время важных событий, связанных с началом нового года, посева, рождения ребенка или свадьбы. Сейчас же восточный танец живота – это, прежде всего, искусство развлечения танцем, который получил широкое распространение в Египте, Иране, Марокко, Турции, Ливии, Тунисе, Сирии, Йемене, Иордании, Судане и других странах [6, с.25].

В связи с распространением ислама культура танца претерпела существенные изменения: во-первых, представительницы богатых и знатных семей его больше не исполняли; во-вторых, центр культурной жизни постепенно переместился в Испанию – в Андалузию и Кордову и танец живота вобрал в себя элементы испанской культуры. По мнению исследователей Муртазиной Р. и Шмаковой Н., его истоки связаны с Индией, откуда он был принесен на Средний Восток племенами индийских цыган [6, с.26]. На почве других национальных культур он приобретал свои специфические «этнические» черты, а в современных вариантах нередко смешивается с балетом и танцами кабаре.

Вот такой сложный этногенез характеризует задействованный в казахской фортепианной музыке «Восточный танец» («Шығыс би»), который наряду с вальсом становится одним из популярных жанровых прообразов в творчестве отечественных композиторов.

В казахской академической музыке освоение музыкальной стилистики танца происходило параллельно в разных жанрах, и, в первую очередь, в сценических, где танец традиционно выступает органичной частью драматургического целого. Начиная с первой оперы – «Кыз-Жибек» (1934) в Казахстане закрепился тип оперы с танцевальными сценами. Он был подготовлен первыми театральными постановками, и в первую очередь, «Айман-Шолпан» (автор М.Ауэзов, музыка И.Коцыка). В ней впервые перед национальной аудиторией были разыграны на сцене танец-игра «Коян-бүркіт» на музыку кюя «Ақсақ киік» Курмангазы и обрядово-бытовой танец «Келіншек» на музыку одноименного кюя Махамбета.

Как отмечает И.Бакаева, «Введение танца в оперные композиции на первых порах решает проблему недостатка сложных вокальных форм (ансамблевых хоровых). На раннем этапе возникает даже специфическая взаимозависимость вокальных и танцевальных номеров: балет «спасает» оперу своей яркой зрелищностью, а опера создает благоприятные условия для адаптации хореографических форм – новых для казахской музыкальной культуры» [3,с.68]. В последующие десятилетия продолжается развитие казахской оперы с танцевальными номерами, которые представлены особенно широко в произведениях на легендарные, национальные сюжеты. В качестве музыкальной основы танцевальных сцен в таких операх используется фольклорный материал, хотя методы работы с ним постепенно меняются. Так

осваивается жанровая специфика различных танцев в казахской опере, а с 1938 года, когда был создан первый казахский балет – «Калкаман и Мамыр» В.Великанова – и в балетном жанре.

Первые танцевальные миниатюры в казахской фортепианной музыке были созданы в 1940-годы, и эта ставшая традиционной линия в творчестве казахстанских композиторов продолжается по сей день, рождая новые музыкальные произведения. В 2016 году, к примеру, казахстанский композитор старшего поколения К.Дуйсекеев создал фортепианную пьесу «Би», которая является ярким образцом современной трактовки жанра. Используемые композитором музыкально-языковые средства подчеркивают импровизационную природу казахского танца и воспроизводят элементы сопровождающего его домбрового аккомпанемента. Произведение не только богато в образном плане, но и включает в себя различные элементы фортепианной техники, в силу чего «Би» К.Дуйсекеева, несомненно, займет свое место в постоянном репертуаре исполнителей-пианистов.

Список использованной литературы

1. Абирова Д., Исмаилов А. «Казахские народные танцы» Алматы: Өнер, 1983, – 112 с.
2. А. Кульбекова – «Теория и методика преподавания казахского танца» Астана: 2012. – 200с.
3. Бакаева И. Балетные сцены в опере. – Астана, 2011. – 200 с.
4. Кишкашбаев Т., Шанкибаева А., Мамбетова Л. и др. История хореографии Казахстана. – Алматы, 2005. – 271 с.
5. <http://dic.academic.ru/dic.nsf/ruwiki/>
6. Научное периодическое издание «Ceteris Paribus» №5, 2016 – 25 – 27с.

2. ОҚЫЛАТЫН ПӘНДЕР АЯСЫНДАҒЫ ЗЕРТТЕУ ІЗДЕНІСТЕРІ

2. ИССЛЕДОВАНИЯ В РАМКАХ ИЗУЧАЕМЫХ ДИСЦИПЛИН

ӨНЕР АУМАҒЫНДА ҚАРАСТЫРЫЛАТЫН ТАҢБА МЕН РӘМІЗ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ахметова М.М.

*Абай атындағы ҚазҰПУ Өнер, мәдениет және спорт институты
Ғылыми кеңесшісі – п.ғ.к., доценті Ақбаева Ш.Ә.*

Сонау көне заманнан бері адамдар, қоршаған ортаның құпиясын көрсете алатын түсініктері мен қалыптасқан ойын жеткізу жолында туындаған қажеттілікті қанағаттандыратын жалпыға ортақ тіл іздеді. Бұл ізденіс адамды жалпылама ойластырылған абстрактілі түсініктерге, абстрактілі түсініктер образды тұрғыда ойланып бейнелей білуге жетеледі, осындай образды ойлап бейнелей білу түсінігіне «*таңба-белгісі*» жатады.

Таңба, ежелгі көне мәдени ошақтардың барлығында кездеседі және кездесетін таңбалар бір-біріне жақын мағынаны білдіретіндіктен, бұл олардың бір негізден шыққанын айқындайды. «Таңба-белгіні» зерттеу қазақ өнертану ғылымында жаңадан басталған ерекше құбылыс болғандықтан, қазіргі кезде бұл ғылыми бағыт, таңбаларды зерттеу арқылы, бұрынғы замандағы адамның дүниетанымдық көзқарасының қалыптасу кезеңдері мен ерекшеліктерін зерттей отырып жаңа заман талаптарына сәйкестігі жайлы ақпаратты қалыптастыруды мақсат тұтады.

Біздің байқағанымыз, кейбір зерттеуші ғалымдар мен суретшілер «*таңба-белгісі*» мен «*рәміз*» сөздерінің ара жігін ажыратпай шатастырады, себебі олар бұл сөздерді синонимдер деп ойлағандықтан туындаған жаңсақтықтан болса керек, ал таңбаны нақтылап зерттеген ғалымдардың дәлелі бойынша бұл сөздердің әрқайсысының өзіне тән анықтамасы, өзіндік мағынасы бар деп есептеген.

Мысалы, ресей өнертанушысы мен суретші-графигі Виктор Власовтың энциклопедиясында келесідей анықтама берілген: «Таңба (көне-орыс. знакъ – білу; грек gnotos – тану, таным; gnotos – танылған;

авест. znatar – білгір, білгіш; үнді – евр. gen – білу, туу) – жалпы философиялық мағынада – зат, адамның түйсігінде басқа заттың өкілі ретінде алға шығатын қасиет немесе қатынас”. [1,158 б]

Ресейдің әйгілі әдебиетшісі, сыншысы, прозашы, филология ғылымдарының докторы, профессор, эстетика мен еркін өнер Ресей Тәуелсіз Академиясының Президенті мен академигі Юрий Боров эстетика тұрғысынан таңба-белгі туралы мынандай тұжырымдама мен анықтама берген еді: “Таңба – сигнал, мағынаны кодталған ақпаратты алып жүреді; зат, оған сілтеп тұрған, оны көрсететін басқа затпен тікелей қатынаста болады. Таңба-сезімді қабылдайтын зат, ұйымдасқан (ойланатын) жүйені басқа затқа жібереді. Таңба берілген нәрсенің орнына қолданылмайды, керісінше оны алмастырады”. [2,185 б]

Ал келесі анықтама философиялық сөздіктен келтірілген: “*Таңба* – зат, басқа заттың орнына қолданылады, оны көрсетеді (*құрылым және қатынас*) және мәліметті сақтау, қайта қарау, жіберу үшін қолданылады. Таңба – бұл интересубъективті делдал, қоғамдағы құрылымдық медиатор. К.Бюлер: үнді-еуропалық тілде, таңба сөзінің екі негізгі тобында көрінетін аумағына нұсқау етеді. Оның бірі – “айқындылық, көре алатын” немесе “айқын, көре алатындай жасау”, ал басқасы – “көру аймағына орналастыру”. “Айқындық” мағынасы өзіне ерекше көңіл бөлінеді; “көру аймағына орналастырылған” мағынасы түйсіктің аймағына кіреді дегенді білідіреді. Басқаша айтқанда, затты бақылаушыға көрсету (білдіру) немесе керісінше, бақылаушыны (бақылаушының көзқарасын) затқа жеткізу – осы түсініктер үнді еуропалық халықтардың сөз тіркесіне тән нәрсе. Таңбаның негізі, доктрина стоигі бойынша, ол өзіне тән екі жақты құрылымына, яғни бұзылмайтын бірліктегі тура немесе тікелей қабылдау (білдіретін) және жобалау түсінігінде (білдіретін) түсіну болып табылады”. [3,187 б]

Таңба арқылы санада пайда болған түсінік оның мағынасы; ал небір ішкі бірлікке өзінің мағынасымен біріккен түсінік – *рәміз* деп аталады. Адам айналасындағы материалды шынайы құбылыс, шынайы ақиқаттан гөрі, негізі абсолюттік белгінің құндылығы деп таниды. Сондықтан да әрбір таңбаның екі жақты мәні болады: ол *материалды* және *материалды емес* мағынаны сақтаушы (көріну мен мазмұн жоспары). Демек, көрінуі мен мазмұнына талдау жасай отырып, әрбір бейнені *таңба* ретінде қарастыруға болады.

Жалпы таңбаның әртүрлі түрлері болады. Олардың мағынасы мен

мазмұнының толық көрінуі олардың классификациялануына әкеледі. Осыған сүйене отырып Чарльз Сандерс Пирс оларды келесі түрлерге бөлді. Олар:

1. *Иконикалық таңба* – таңба, таңбаланатын объектімен ұқсастығы болады, ол туралы нақты- сезімді береді, оның жалпы көрінісін жеткізеді. Иконикалық таңба бейнелі және ол бейнелейтін затпен ұқсас. Архитектурада оған пальма, лотос, папирус тектес колонналар, кариатидтер немесе атланттар, күмбездерді немесе балкондарды ұстап тұратын белгілер мысал бола алады. Бейнелеу таңба ретінде әйгілі пирамида жерлеу мағынасын білдіреді, яғни ол көрерменді ерлеу төбесі, қорған, жерлеу үйінді бейнесіне итермелейді.

2. *Индекс таңбасы* – себеп-салдар байланысына негізделеді. Мысалы: архитектурада есік бола алады, ол ғимараттың ішіне кіруі мүмкіндігін көрсетеді; биік терезе, екі қабатты топқа біріктірілген болса, онда ішінде екі жарықты залдың болуын көрсетеді; күмбез – ғимараттың ішіндегі тұтас кеңістік аумақ белгісі; қақпа-бақ әлде саябақтың белгісі немесе есік алдындағы аула белгісі; баспалдақ – үстіге шығу белгісі; үстіңгі қабаттың бар екендігі және т.б.

3. *Рәміз таңбасы* – объектімен ассоциотивті байланыста, келісіммен негізделге (конвенционалды таңба-белгісі); бұл жасанды түрде құрастырлған идеографиялық таңбалар, оларда толық, кейде концептуалды ақпараттар болады. Рәміз таңбасы – шартты, белгіленетінмен себеп-салдар байланысында байланыспайды, бейнелі сигналдар, толық системаны жалпылама жеткізеді. Бұған елтаңба, гербалдық рәміздер, тауар белгісі (фирма белгісі), нумизматикалық (тиындар), филателистік (маркалар), жарнамалық, плакаттық, баспалық және т.б. Архитектурадағы мұнара рәміздік таңбасына мысал бола алады.

Рәміз, Гегельдің түсінігі бойынша, таңбаның шарттылығы мен бейнелеудің ортасы және де, индексті таңба бейнелеу белгісінде бола алады, олардан бөлінбейтіндей, синтетикалы байланысады. Бұл кезде белгілі сәттер бейнелеуде автордың немесе кейбір жасырылған, көрсетілген объектінің сапасы формальды таныстырылмаған негіз туралы пікір бола алады. Бұл жағдай келешекте көрсетілетіндей, өнер саласында өзін белсенді көрсетеді. [4,95 б]

Адамның сезіміне қарай, сенсорлы әрекет етуіне байланысты таңба-белгілері аудио (естуге бағытталған), визуалды (көруге бағытталған)

және аудиовизуалды. Дәл осы таңба типтерінің өнерде пайда болу, біріншіден, көру мен есту ақпаратты үлкен қашықтықтарға алып бара алады, дәм сезу, түсіне қабылдау мен иіс сезулеріне қарағанда, олар тікелей контактты қарым-қатынаста немесе адам затпен тығыз жақындықта болу керек; екіншіден, есту, кейіннен (жазудың пайда болуымен) көру ауызша қатынаста тарихи байланыста болды, олардан түсетін ақпарат арқылы олар осы сезімді айқындатып, түрлендірді және ақпарат мәдени дәстүрді құрады. [2,189 б]

Өнерде айқындықпен жалпы қабылданған таңба теориясы жоқ. Иконикалық таңба-белгісіне көрнекі, нақты техникалық немесе табиғи бейнелерді жатқызады. *Конвенционалды* (шартты келісімді) таңбаға дерексіз өнер сәйкес келеді. *Индексалды таңбаға* - шартты бейнелер жатады.

Әрине бұл анықтамалар нақтылықты керек ететіні түсінікті. Әрбір тарихи өнер түрінде өзінің сипаттамасы пайда болады, ал “таңбалылықты” символизмнің жалпы тенденциясының көрінуі ретінде қарастырады.

Өнер тарихындағы таңбалар *конвенционалды таңбалар* деп аталады (лат. тіл. *Conventio* – *келісім* деген мағынаны білідіреді), белгіленетін затпен ешбір сырттай ұқсастығы жоқ. Бұндай таңбалардың мағынасы жайлы адамдар арнайы келіседі, олардың мазмұны дәстүр бойынша бекітіледі, бір тарихи дәуірден келесі тарихи дәуірге мұра ретінде беріліп отырады. Мысалы: әріптер, сандар. т.б.с.с.

Өнердегі таңба-белгілердің көпшілігі нақты – заттың бейнесінен пайда болғандықтан индексалды типке тартылады (лат. тілінде *index*-сілтеуіш). Мысалы: шеңбер – күннің белгісі, толқын – судың белгісі, зигзаг – найзағайдың белгісі, крест – оттың белгісі, үшбұрыш – әйел аясының белгісі.

Иконикалық “бейнелеу таңбасына” *иероглифтер, петроглифтер* жатады. Иконикалық белгілерден эмблемалар топтастырылады. Қиынырақ формалар – аллегория мен рәміздер (егерде тар мағынада айтылғанда).

Таңба өнердің әр түрінде әр түрлі болып кездесіп, әр түрлі көрініс табады. Сәулет өнерінде, сәнді қолданбалы өнерде, дизайнда көбінесе *конвенционалдылық бейнелеулер* басым болып келеді. Кескіндеме өнерінде *абстрактілік, символизм, дадаизм, сюрреализм* сияқты ағымдар пайда болып басымдық танытады. Графиканы бейнелеу құралдарының

шарттылығына қарай, *индексалды өнер* (белгі индекстері) басымырақ болады.[1,159 б.]

Семиотика гректің “semeion” *таңба, белгі* – деп аударылады. Ресейдің әйгілі лингвисті, филология ғылымдарының докторы, профессор А.А. Реформатский былай деп жазған: «*семиотика* – жалпы таңба теориясы туралы ғылым. Ол таңбаның жүйесін белгілеу мен мағынан тасымалдау құралы ретінде қарастырды» деген еді.

Семиотика таңбаның қай болмасын жүйесін зерттейді: кодтың қарапайым типтерінде (телеграфтық код, теңіз және ауа сигнализациясын қабылдау, таксидің тәртіп белгілерін), сонымен бірге күрделілерінде (аңдардың сигнализациясын, жазудың әртүрлі тәсілдерін және шифрларды, табиғи географиялық карталардың, сызбаның белгілерін, керең-мылқаулардың саусақтық техникасы) және де тілдің таңба жүйесін.[5,51 б.]

Семиотиканың негізін қалаған ағылшын философиялық еңбектері. Семиотика, таңбаны зерттейтін ғылым ретінде XX ғасырдың басына таман құрыла бастады. Д.Локктың “Опыт о человеческом разуме” (1690) еңбегінде алғаш рет таңбаның жалпы теориясы, логикалық ұқсастықтың керектігі жайлы ой-пікірін айтты.

